



№17 (6050)

2017 жылғы
сәуірдің 21-і,
жұма.

ЫРЫС - ЫНТЫМАҚТА, БАҚЫТ - БІРЛІКТЕ

МӘРТӨБЕ

аудандық ақпараттық апталық



«ЭКСПО-2017»
көрмесіне

49

күн қалды.

Газет 1962 жылдан бастап шығады.

Martobe_91@mail.ru

► Жиын

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕҢБЕКТИҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасы ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының облыстағы өкілдігімен бірлесе отырып, «Оңтүстік Қазақстан облысының талдау және болжау орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу мәселелерін түсіндіру мақсатында аудандық әкімдікте жиын өткізді.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары М.Оразалиев ашып, жүргізді. Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының облыстағы өкілі Б.Орманов Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының маңыздылығын, кездесуге қатысып отырған ауыл әкімдерінің мақаланы тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарына күш салу керектігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, жиында Астана қаласынан келген республикалық сарапшы М.Ермағанбетұлы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша ауыл әкімдеріне және жергілікті қоғамдастық мүшелеріне жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде болып жатқан өзгерістер туралы түсіндірді. Ауыл әкімдері тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап алынды.

«Мәртөбе-ақпарат».

Күні кеше ғана аспанасты елінде дүрілдеп отіп, шымылдығын түсірген “Мен әншімін” байқауында қазақтың бір баласының өсімі төрткүл дүниеге тараса, Қазақ елі төл перзентінің үлкен жетістігін әлі тойлап жатыр. Бұрын түрлі өнер додаларында өсімі елеусіздеу Алаш оғыланының миллиардтар ғұмыр кешіп жатқан елде ұлтының атын ұлықтап, айдарлы ұлдың дәл осындай жетістікке жететінін кім күткен?!

“ДАЙДИДАУМЕН” ДҮРІЛДЕГЕН ДИМАШ!

Жетінші кезеннің өзінде халық әні “Дайдидауды” анталаған сан көрермен талғамына ұлттық бояуымен ұсынған Димаш Құдайберганның саф алтындай өнеріне өзгелер тамсанды, тандай қағысты. Мұның алдындағы кезеңдердің өзінде-ақ опера жұлдызы, француз Лара Фабиан қазақ перзентінің еліне қонақ боп кетуге шақырса, ағатқы голливудтық жұлдыз Джеки Чан мұны құшағына алып, өнеріне сәттілік тілеген еді. Димаш та қарап қалмады, атақты

► Мерей

киножұлдызға қазақтың зерлі шапанын иығына жапты. Өнер жарастығы, талантқа бас иіп, құрмет көрсету өркениетті елдердің салты сияқты екен ғой. Біз осылай түйгенбіз.

“Дайдидау” Қытай аспанын тербеп тұрғанда әдеттегі қалпымызбен тақымды қысып, енді-енді дйттеген межеден көрініп қалармыз дегенбіз.

Өкініштісі, қонып тұрған бақтың кейде қолдан сусын кететінін тағы бір рет ұқтық. Ұқтық та: “Оқа емес, бұған да шүкіршілік, тәубе!”- дестік. Тәубесі мен сауғасы қатар жүретін жұрппыз ғой, бүгін болмаған гамаша ертең болар деп қайырдық ішкі иірімді. Бір жағы аламан-байқауды откізп жатқан аспанақты еліңіз жұрағаты өз жеріндегі бәйгелің басын өзгеге ұстатпасына анық көз жеткіздік. Расы солай...

Миллиардтар еліндегі өнер додалында жүлде салған Димаштай асыл ұлдарыңызға қол соқсаныздар жарасалы, ағайын! Жаса, қазақ баласы!

А.МАШАТИН.

► Шуақты жаңалық

ЖАҢА АТАУЛАР БЕРІЛДІ

Ауданымызға Астанадан сүйінші хабар жетті. Азаматтарымыздың біраз жыл күткен үміті ақталды. Яғни, ҚР Үкіметінің 2017 жылғы сәуірдің 3-індегі «Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет және білім беру ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы» № 162 қаулысына сәйкес ендігі жерде

- «№97 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сұраншы батыр есімімен;
- «№ 77 сХамза атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Тұран» атауымен;

- «№ 61 Г.Титов атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сүйерхан Базарбаевтың есімімен аталды. (Қараңыз «Егемен Қазақстан» газеті 2017 жылғы сәуірдің 11-і, 13-бет.)

Жоғарыдағы мекентердің еңбек ұжымын жаңа атауға ие болуымен құттықтаймыз.

«Мәртөбе»-ақпарат».

► Аймақ ажары

500 ТҮП КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

“Туған жерді түлесту – ортақ парыз!». Жақында дәл осындай атаумен облыс әкімі Ж.Түймебаев бастама көтерген

СЕССИЯ ӨТТІ

il.ru

Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясына - 20 жыл

құзыреттер шегінде анықтау ісін жүргізу, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімдер орналасқан жерді өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру, әскери көлік құралдарының жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондай-ақ әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаны орындау, өздеріне осы заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің



ПОЛИЦИЯ
ЖЕҢІ

Әл сәуірдің 22-сінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы өзінің құрылғанына 20 жыл тоюына орай отеді.

Әскери полиция 1997 жылғы сәуірдің 22-сінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының қорғау органдары жүйесін одан әрі реформалау шаралары туралы» Жарлығымен құрылған. Оның басты міндеті - Құштерде құқық қорғауды, құқық тәртібін қамтамасыз ету және әскери қылмыстар бойынша анықтау жүргізу. Қазақстан Республикасының 2005 жылы қабылдаған Әскери полиция органдары туралы» заңы Қарулы Күштердің Әскери полиция органдарының құқықтық негіздерін, құрылымын, міндеттерін және жүйесін белгіледі.

бірде-бір Жарғыға қайшы келетін қарым-қатынастар бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелмеген. Яғни, бүгінде әскерден қашқан әскери қызметкерлердің саны бірен-саран, сирек кездесетін жағдай болып отыр. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында 2016 жылғы 13 желтоқсанда ҚР Президенті «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай рақымшылық» туралы № 27-VI заңына қол қойып,

2016 жылғы желтоқсанның 13-інен 2017 жылғы маусымның 14-іне дейін күшінде болады. Рақымшылық 28 мыңға жуық азаматқа жасалады деп жоспарлануда. Соның ішінде бұрын сонды әскери бөлімдерді өз бетінше тастап кеткен, сондай-ақ басқа әскери қылмыстарды жасап, жасырынған әскери қызметшілер де бар.

Әскери полицияның 20 жылдық мерейтойы биылғы жылдың еншісінде. Асылы, бүгінде Әскери полицияның қатысуынсыз әскердің күнделікті қызмет атқаруын елестетуге болмайды. Әскер – кез келген мемлекеттің тәуелсіздігінің символы, қарулы терегі. Әскери полиция қызметкерлері әрқашан әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғайды, міндеттерін айқындайды, құқық бұзушылықтарды алдын-алуға тәулік бойы ерінбей еңбек етіп, елге адал қызмет етуге дайын.

Е.МАДИХАН,
Шымкент гарнизоны
Әскери полиция бөлімі бастығының
орынбасары,
анықтау және іздестіру бөлімшесінің
бастығы, әділет майоры.

және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады. Осы міндеттерді осы өткен 20 жылдың ішінде іске асырудың арқасында Әскери полиция құрылғаннан бері іздеуде жүрген 6 мыңнан аса әскери қызметкер табылды. Бұл 90-жылдардың аяғы мен 2000 жылдар аралығында әскери жүйенің жаңа бағытқа көшіп, өзгеру тұсында әскерден қашқан әскери қызметшілердің саны өсіп, ұдай түскен кезі болатын.

Бүгінде Әскери полиция органдарының 20 жылдық қызметі барысында профилактикалық алдын-алу іс-шараларының анықтау және іздестіру бөлімінің қызметкерлерімен уақтылы, өз дәрежесінде, тыңғылықты, әрі сапалы өтуінің нәтижесінде әскери қызметкерлер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтардың едәуір кемігені байқалады. Мәселен, 2015-2016 жылдары Шымкент гарнизонында мерзімді әскери қызметшілерге қатысты әскери полиция бөлімі іздестіру шараларын қолданбады. Сонымен қатар, осы жылдар аралығында

ЕЛЕУЛІ БІЛІМ
ОРДАСЫ

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағына айналған ҚазҰУ-де 14 факультет, 71 мамандық бойынша студенттерге білім береді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті саны 20 мыңнан асатын еліміз бен алыс жақын шетел жастарының басын қосып оқытуда.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-дің құрылғанына 82 жылдан аса уақыт өтті. Осылайша уақытта даму жолында болды. «Жасы үлкен қария, ақылы оның дария» демекші, қария жасқа келіп, шәкірттеріне дариядай білім беріп келе жатқан университетіміз үлкен мақтанышқа ие.

Ғасырға жуық уақыт ішінде 10-нан аса ректорлар басқарғанын ескерсек, басшылық құрамының да осал болмағанын бірден-ақ аңғаруға болады. Университетімізді 2010 жылдан бастап, ҚР-ның Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов басқарып келеді. Осындай тәжірибелі басшы басқаратын университетіміз барлық ғаламдық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Студенттерді барлық қырынан көрсетуге мол ықпал жасалған. Университетте атқарылып жатқан барлық жұмыстардың ұйымдастырылу деңгейі мен тосілі Қазақстандағы жоғары оқу орындарының бәріне үлгі бола алады.

Университеттің маңдай алды факультеттерінің бірегейі - Экономика және бизнес жоғары мектебі. Алпыс алты жылдық тарихы бар факультетіміздің басты мақсаты - еліміздің экономика саласы бойынша білікті кадрлар дайындау. Мұнда қазіргі заманға сай әдістерді қолдана отырып, жоғары дәстүрлі классикалық білім беру негізінде жүргізіледі. Экономика және бизнес жоғары мектебінде 3000-ға жуық бакалаврлар және магистранттар, PhD докторанттар білім алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Экономика және Бизнес Жоғары мектебінің түлектері Президент Әкімшілігінде, Экономика және Бюджеттік жоспарлау министрлігінде, Қаржы министрлігінде, ҚР-ның статистикалық агенттігінде, Ұлттық банкте, коммерциялық банктерде, сақтандыру және аудиторлық компанияларда және басқа да қаржылық мекемелерде абыроймен қызмет атқарып жатыр. Қазақ Ұлттық Университеті - еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің терегі, білікті мамандар ордасы. Біз өз түлектерімізбен мақтанамыз!

Қ. АКИМБАЕВА,
«Есеп және аудит» кафедрасының
аға оқытушысы,

Н. ТОВМА,
«Есеп және аудит» кафедрасы
менгерушісінің ғылыми-инновациялық
жұмыс және халықаралық байланыстар
жөніндегі орынбасары.